

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2023 жылғы 17 қазандағы
№ 447 бұйрығымен
бекітілген

**«Мемлекеттік аннуитеттік компания»
өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының
Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар**

1. 35-тармағындағы «Қоғамда» деген сөзден кейін «сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар» деген сөздермен толықтырылсын.

2. 47-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:
«3) «Сақтандыру қызметі туралы» және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда.».

3. 54-тармақтың 3-тармақшасы «ақпаратты қоспағанда» талап қойылған күнге депозитарийдің интернет-ресурсында жарияланған қаржылық есептілік;

соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылатын (Жалғыз акционер бұрын сұратқан ақпарат толық көлемде берілген жағдайда);

Жалғыз акционердің өтініш берген күніне орындалуы жүзеге асырылатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне (Жалғыз акционердің өтініш берген күніне дейін үш жылдан астам) қатысты» деген сөздермен толықтырылсын.

4. 54-тармақ мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:
«14) Қоғам Басқармасының және (немесе) директорлар Кеңесінің жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты бір мезгілде мынадай жағдайлар болған кезде:

Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің өзі (өздері) не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында қоғам акционерлерін қасақана жаңылыстыруға әкелу фактісін сот анықтаған кезде;

егер Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі қоғамда залал туындауына алып келгені дәлелденсе, алуға құқылы.»;

5. 58-тармақтың 8) тармақшасындағы «Қоғамның» деген сөзден кейін «аудиттелген» деген сөзбен толықтырылсын.

6. 62-тармақтағы «үштен бірі» деген сөздер «отыз пайызы» деген сөздермен ауыстырылсын.

7. 79-тармақ:

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 7-тармағында көзделген жағдайларда Қоғамның акцияларын немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру (іске асыру) туралы шешім қабылдау;».

4) тармақшадағы «Қоғамның» деген сөзден кейін «аудиттелген» деген сөзбен толықтырылсын.

мынадай мазмұндағы 10-1) және 10-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«10-1) актуарийдің, актуарлық есептеу және талдау қызметінің басшысы мен қызметкерлерінің өкілеттіктерін тағайындау және тоқтату, сондай-ақ олардың лауазымдық жалақысының мөлшерін және олардың сыйақы шарттарын айқындау;

10-2) комплаенс-бақылаушыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ, комплаенс-бақылаушының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;».

8. 91-тармақтағы «жұмыс» деген сөз «күнтізбелік» деген сөзбен ауыстырылсын.

9. 122-тармағындағы «болуға» деген сөзден кейін «немесе қызметінің мәні қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын шетелдік заңды тұлғаның филиалының басшысы лауазымын атқаруға» деген сөздермен толықтырылсын.

10. 126-тармақтың 5) тармақшасындағы «және Қоғамның ішкі аудит қызметінің» деген сөздер «Ішкі аудит қызметтері, актуарлық есептеу және талдау қызметтері, сондай-ақ корпоративтік хатшы және комплаенс-бақылаушы» деген сөздермен ауыстырылсын.

11. 136-тармақтағы «қаржылық есептілігінің» деген сөздер алып тасталсын.

12. 149-тармақтағы «, оның отырыстарын шақыру, дайындау және өткізу тәртібі» деген сөздер алып тасталсын.

13. 150-тармақ алып тасталсын.

14. 179-тармақтағы «құқылы» деген сөз «міндетті» деген сөзбен ауыстырылсын.

«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы



А. Курмангалиева